

**Әдістемелік кеңес отырысының  
Х А Т Т А М А С Ы №1**

**Қатысқаны:8**  
**Қатыспағаны:-**

**Қыркүйек 2024ж**

**Күн тәртібінде:**

1. Әдістемелік кеңестің 2023 - 2024 оқу жылындағы жұмысы туралы есеп
2. Әдістемелік кеңестің 2024-2025жылдық жоспарын бекіту.Әдістемелік нұсқау хатпен танысу және өзгерістерді қарастыру.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша бастапқы мониторинг қорытындысы  
Әдіскер : Г.Жамалбекова
4. Кіші жастағы балалардың бейімделу деңгейі

**I ТЫҢДАЛДЫ:** Әдістемелік кеңестің 2023 - 2024 оқу жылындағы жұмысы туралы есеп  
**СӨЙЛЕДІ:** әдіскер Г.Жамалбекова 2024–2025 оқу жылында «Асия» бақшасының әдістемелік кеңесі білім беру процесінің сапасын арттыру, педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту, инновациялық әдістерді енгізу бағытында жоспарлы және жүйелі жұмыс жүргізді. Әдістемелік кеңестің қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптары, жылдық жоспар және бөбекжайдың даму бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды, деп әдістемелік кеңестің негізгі міндеттері мен бағыттарына, жыл бойы өткізілген әдістемелік кеңесте қаралған мәселелерге, педагогтардың кәсіби дамуы бойынша оқу жылы ішінде тәрбиешілердің кәсіби деңгейін көтеру бойынша жұмыстар жүргізілгеніне жеке-жеке тоқталып айтып өтті.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**Әдістемелік кеңестің 2024 - 2025 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп саналсын.

**II ТЫҢДАЛДЫ:** Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту.

**СӨЙЛЕДІ:** Әдіскер 2024–2025 оқу жылына арналған мектепке дейінгі ұйымның әдістемелік кеңесінің жұмыс жоспары балабақша педагогтарының кәсіби қызметін жүйелі түрде ұйымдастыруға, тәрбие-білім беру үдерісін жаңғыртуға және білім сапасын арттыруға бағытталған. Бүгін сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған жоспар мемлекеттік жалпыға міндетті талаптар, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың тұжырымдамасы, оқу жылының басым мақсаттары негізінде әзірленді, - деді.

Жылдық жоспардың негізгі мақсаты Мектеп жасына дейінгі балаларда ұлттық мәдениет арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыруға тәрбиелеу. Жоспар төмендегі басым бағыттарды қамтиды деп бағыттарын атап өтті. Жоспар мазмұны МЖМБС-қа, балабақшаның даму бағдарламасына және 2024–2025 оқу жылына қойылған мақсаттарға толық сәйкес келеді. Осыған байланысты «2024–2025 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарын бекіту» туралы ұсыныс енгіземін. Жоспар – біздің алдағы оқу жылындағы барлық әдістемелік қызметіміздің негізгі бағыт-бағдары. Сіздердің ұсыныстарыңыз, ескертулеріңіз бен толықтыруларыңыз енгізіледі. Жоспарды мақұлдап, бекітуді сұраймын, - деді.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Әдістемелік бірлестік жоспары бекітуге ұсынылсын.

**III ТЫҢДАЛДЫ:**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша бастапқы мониторинг қорытындысы

**СӨЙЛЕДІ:** Әдіскер Г.Жамалбекова 2025–2026 оқу жылының басында Балалардың жеке даму картасы негізінде ерте жас, кіші, ортаңғы, ересек және мектепалды топтарында

«Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі» және «Аналар мектебі» — балабақша мен отбасылар арасындағы серіктестік қарым-қатынасты нығайтуға үлкен мүмкіндік беретін форма. Бұл мектептер арқылы ата-аналар мен үлкен буын педагогикалық-психологиялық білім алады, баланың қауіпсіздігі мен дамуына белсенді қатысады. Олардың жұмысы жүйелі әрі құрылымдалған болғанда ғана балабақшадағы тәрбиелік-дамыту жұмысының сапасы артады,- деді.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Жобалар жұмысын жандандыру, бақылауға алу..

**VI ТЫҢДАЛДЫ:** Ағымдағы мәселелер.

**СӨЙЛЕДІ:** Әдіскер Г.Жамалбекова алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылған іс-әрекетін жоспарлау мен өткізу барысында педагогтар арасында әдістемелік бірізділік толық сақталмай отыр. Дидактикалық және көрнекілік материалдардың жеткіліксіздігі немесе жаңартуды қажет ететін бөлімдері бар. Жеке жұмыс пен топтық жұмыстың арақатынасы педагогтар арасында әртүрлі, бұл балалардың даму динамикасына әсер етуде. Қауіпсіздік ережелерін күнделікті бекіту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсе де, кейбір топтарда балалардың өзін-өзі қорғау дағдылары жеткіліксіз. Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау бойынша қосымша түсіндіру жұмыстарын жүргізу керек. Балалардың аурушандығы маусымдық кезеңде артып отыр. Жиналыстар мен іс-шараларға кейбір ата-аналардың қатысу белсенділігі төмен. Үй жағдайында педагогтардың ұсыныстарын орындамау, баланың дамуында бірізділіктің бұзылуына әкеліп отыр. «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әжелер мектебі» сияқты жобаларға тұрақты қатысу деңгейі әрқелкі. Құжат жүргізу кезінде цифрлық форматқа көшу толық жүзеге аспаған, оны барлығымыз бірігіп іске асыруымыз керек,- деді.

## ШЕШІМ

1.. Педагогтарға ұйымдастырылған іс-әрекетті жоспарлауда әдістемелік бірізділікті сақтау міндеттелсін.

**Жауапты:** Әдіскер, топ тәрбиешілері

**Мерзімі:** тұрақты

1.2. Дидактикалық, көрнекілік материалдарды жаңарту және толықтыру жөнінде ұсыныстар тізімі дайындалсын.


**Жауапты:** Әдіскер

**Мерзімі:** ай сайын

**Әдістемелік кеңес төрайымы:**

 Г.Жамалбекова

**Хатшы:**

 П.Бекбауова

**Әдістемелік кеңес отырысының  
Х А Т Т А М А С Ы № 2**

**Қатысқаны:8**  
**Қатыспағаны:0**

**Қараша2024ж**

**Күн тәртібінде:**

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша аралық мониторинг қорытындысы .Әдіскер Г.Жамалбекова
- 2.Коммуникативті дағдыларды дамыту бойынша атқарылған жұмыстар
3. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік дамуы.Әдіскер- Г.Жамалбекова

**I ТЫҢДАЛДЫ:**

Әдіскердің және топ тәрбиешілерінің аралық мониторинг нәтижелері жөніндегі баяндамалары тыңдалды. Балалардың танымдық, тілдік, моторикалық, әлеуметтік-эмоциялық даму бағыттары бойынша I жартыжылдықтағы білім деңгейінің динамикасы қарастырылды.

Мектепалды топтарда бағдарлама мазмұнын меңгеру жақсы/жоғары, кіші және ортаңғы топтарда — тұрақты даму динамикасы байқалды.Оқу жылының I жартыжылдығында балалардың білім-білік дағдыларын, оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау, бастапқы мониторингпен салыстыру, даму динамикасын бақылау жүргізілді. Барлық топтарда бастапқы мониторингке қарағанда оң динамика байқалды. Балалардың танымдық, тілдік және әлеуметтік дағдылары айтарлықтай жақсарған, деп барлық топтар бойынша аралық мониторинг нәтижелеріне жеке-жеке тоқталып, нәтиже бойынша ұсыныстарды айтып өтті.Кіші топқа сөздік қорды дамыту, саусақ жаттығулары. қарапайым ойын әрекеттерін көбейту. Ортаңғы топқа: әңгімелеу, дидактикалық ойындарды күшейту, шығармашылық бағыттағы жаттығуларды арттыру. Ересек топта жазуға дайындық: сызықтар, элементтер, логикалық тапсырмалар, модельдеу жұмыстары Мектепалды топқа: оқу-жазу дағдыларын бекіту, қарапайым математикалық есептер, оқу мотивациясын қолдау жұмыстарын қорытынды мониторингке дейін жүргізу керек,- деді.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Аралық мониторинг нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

**СӨЙЛЕДІ:** Коммуникативті дағдыларды дамыту бойынша атқарылған жұмыстар

**II ТЫҢДАЛДЫСӨЙЛЕДІ:**әдіскер Г.Жамалбекова Коммуникация сөзіне талдау жасап берді. Әр топтың тәрбиешілері балалардың жас ерекшеліктеріне қарай коммуникативті дағдыларды дамыту бойынша атқарылған жұмыстар туралы айтып өтті.Соның ішінде коммуникативті ойындар папкасы жасақталып ұйымдастырылған іс –әрекет барысында пайдаланылып жүргендігін айтты.


**ҚАУЛЫЕТТІ:**Коммуникативті дағдыларды дамыту бойынша жұмыстар жалғасын тапсын.

**III ТЫҢДАЛДЫ:** .Әдіскер- Г.Жамалбекова Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдің дамыту әдістерімен таныстырды.Баламен әңгімелесу күнделікті өмірге қажетті заттарды,айналадағы дүниені бақылату,кейбір заттардың өзін немесе суретін көрсетіп көрген – білгені туралы әңгімелеп беруді , сөздік тапсырмалар орындату, түсінгенін баяндап беру,суреттеп кейін мүсіндеп беруге жаттықтыруды бір бірімен байланыстыры отырып дамыту қажеттігін айтты.


**ШЕШІМ**

1. Педагогтарға ұйымдастырылған іс-әрекетті жоспарлауда әдістемелік бірлікті сақтау міндеттелсін.
2. Коммуникативті дағдыларды дамыту бойынша дидактикалық, көрнекілік материалдарды жаңарту және толықтыру жұмыстары жандандырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

 Г.Жамалбекова

Хатшы:

 П.Бекбаева

**Әдістемелік кеңес отырысының  
Х А Т Т А М А С Ы № 3**

**Қатысқаны: 8**  
**Қатыспағаны:**

**Ақпан 2025ж**

**Күн тәртібінде:**

1. Шебер-сынып: «Балабақша жұмысында сабақтастық қағидатын іске асыру Мектепалды топ тәрбиешісі Мырзахметова Б
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша аралық мониторинг қорытындысы Әдіскер-Жамалбекова Г

**ТЫҢДАЛДЫ:** Шебер-сынып: «Балабақша жұмысында сабақтастық қағидатын іске асыру»

**СӨЙЛЕДІ:** тәрбиеші Б.Мырзахметова Мектепалды топ тәрбиешісі педагогтармен шебер-сынып өткізді. Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш мектеп арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету. Сабақтастық – білім беру сатыларының мазмұны, әдістері мен мақсаттарының өзара байланысы, үйлесімді жалғасуы. Бұл процесс баланың мектепке психологиялық, әлеуметтік және танымдық тұрғыдан дайын болып баруына мүмкіндік береді. Сабақтастық қағидасын жүзеге асыру оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттырып қана қоймай, білім алушылардың жеке дамуындағы үздіксіздікті қамтамасыз етеді, деп сабақтастық принциптеріне тоқталып, тәрбиешілермен әртүрлі ойындар мен тапсырмалар өткізді.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Сабақтастық қағидатын іске асыруда ойын түрлерін қолдануды андандыру.

**II ТЫҢДАЛДЫ:** Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша аралық мониторинг қорытындысы

**СӨЙЛЕДІ:** Әдіскердің және топ тәрбиешілерінің аралық мониторинг нәтижелері жөніндегі баяндамалары тыңдалды. Балалардың танымдық, тілдік, моторикалық, әлеуметтік-эмоциялық даму бағыттары бойынша I жартыжылдықтағы білім деңгейінің динамикасы қарастырылды.

Мектепалды топтарда бағдарлама мазмұнын меңгеру жақсы/жоғары, кіші және ортаңғы топтарда — тұрақты даму динамикасы байқалды. Оқу жылының I жартыжылдығында балалардың білім-білік дағдыларын, оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау, бастапқы мониторингпен салыстыру, даму динамикасын бақылау жүргізілді. Барлық топтарда бастапқы мониторингке қарағанда оң динамика байқалды. Балалардың танымдық, тілдік және әлеуметтік дағдылары айтарлықтай жақсарған, деп барлық топтар бойынша аралық мониторинг нәтижелеріне жеке-жеке тоқталып, нәтиже бойынша ұсыныстарды айтып өтті. Кіші топқа сөздік қорды дамыту, саусақ жаттығулары, қарапайым ойын әрекеттерін көбейту. Ортаңғы топқа: әңгімелеу, дидактикалық ойындарды күшейту, шығармашылық

бағыттағы жаттығуларды арттыру. Ересек топта жазуға дайындық: сызықтар, элементтер, логикалық тапсырмалар, модельдеу жұмыстары Мектепалды топқа: оқу-жазу дағдыларын бекіту, қарапайым математикалық есептер, оқу мотивациясын қолдау жұмыстарын қорытынды мониторингке дейін жүргізу керек, - деді.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Аралық мониторинг нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

### **ШЕШІМ**

1. Балабақшамен мектеп арасындағы сабақтастықты одан әрі күшейту. 1-сынып мұғалімдерінің мектепалды топта ашық сабақтарға қатысуын ұйымдастыру. Мектеп педагогтарымен бірлескен семинар, тәжірибе алмасу, дөңгелек үстелдер өткізу. Мектепке дейінгі ұйым мен мектеп арасында ақпараттық байланыс пен кері байланысты тұрақты жолға қою.

2. Педагогтерге балалардың әлсіз бағыттары бойынша түзету-дамыту жұмыстарын күшейту жүктелсін. Педагогтерге топтардағы оқу іс-әрекеттерін балалардың жеке даму карталарының нәтижесіне сүйене отырып жоспарлау тапсырылсын. Жеке траекториялар әзірленсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

 Г.Жамалбекова

Хатшы:

 П.Бекбауова

Әдістемелік кеңес отырысының  
Х А Т Т А М А С Ы № 4

Сәуір 2025ж

Қатысқаны:8

Қатыспағаны:0

Күн тәртібінде:

1. АРТ терапияның оқу үрдісінде пайдаланудың тиымды жақтары
2. Заттық -кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастырудағы қойылатын талаптар.

3. Педагогтарды аттестаттауға дайындау жұмысының деңгейі

**I ТЫҢДАЛДЫ:** әдіскер Г.Жамалбекова балабақшада АРТ терапияның тиымды жолдарын тәрбиешілермен бөлісті. Оқу жоспарына сәйкес күн сайынғы іс әрекет кезінде құрастыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру жұмыстарын тиымды жоспарлап АРТ терапияны қолдану балалардың психологиялық дұрыс дамуына, тілдің дамуына оң әсерлері көп болатынын айтты. Дәстүрден тыс шығармашылық жұмыстармен бөлісті.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** АРТ терапияның оқу үрдісінде пайдалану күннің екінші жартысында жалғасын тапсын.

**II ТЫҢДАЛДЫ:** әдіскер Г.Жамалбекова балабақшада заттық кеңістік дамытушы орталықтар немесе кабинеттерде ұйымдастырылуы мүмкіндігіндігін айтты. Орталықтар үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес әзірленеді **Мысалы:**

1. Ұлттық орталықтар
  2. Демалыс орны
  3. Кітаптар бұрышы
  4. Табиғат және ғылым орталығы.
  5. Зерттеу орталығы
  6. Сюжеттік рольдік ойын орталығына бөліп ұйымдастыруға болады.
- Қабырға мен еденді де пайдалануға болады.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** әр топта ұлттық дамытушы орталықтармен кітап бұрыштарын ұйымдастырылсын.

**III ТЫҢДАЛДЫ:** әдіскер Жамалбекова Педагог, тәрбиешілердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында аттестаттауға дайындық жұмыстары әдістемелік қолдау көрсету, партфолио жинақтау, құжаттарды дұрыс рәсімдеу және бағалау критерилердің негізгі бағыттарымен таныстырды.

**ШЕШІМ:**

1. Топтарда шығармашылық жұмыстарын күннің екінші жартысында жалғастырсын.
2. Дамытушы орталықтар толықтырылсын.
3. Әр педагогтың кәсіби құзыреттілігін дамыту және аттестаттаудан сәтті өтуіне жағдай жасалсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:



Г.Жамалбекова

Хатшы:



П.Бекбаева